

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде "Атырау облысының қазіргі экологиялық жағдайы және Атырау университетінің ғылыми зерттеулері" тақырыбында "Экология, био және нанотехнологиялар" ғылыми зерттеу институтының директоры, PhD доктор Абдинов Рауан Шарипбаевичтың басшылығымен дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге э.ғ.к, Ғылым департаментінің директоры Бакирбекова Айгуль Макулбекона, Ғылыми-техникалық ақпарат бөлімінің басшысы қатысты.

Б.ғ.д, Биотехнология орталығының директоры Сагындыкова София Зулхарнаевна бірінші баяндама жасады. Баяндама тақырыбы: "Биотехнология ғылыми зертханасының 2021 жылда атқарылған жұмыстары».

Х.ғ.к, Экология зертханасының меңгерушісі Тулемисова Гульжамал Багитовна «Атырау облысы жер беті суларының токсикалогиялық жағдайы және экологиялық проблемалары» тақырыбында және де х.ғ.к,

SWARTEL ASU ғылыми лабораториясының меңгерушісі Умбеталиева Галина Сисенкуловна «Атмосфералық ауаның ластануы және оның салдары» тақырыбында баяндама жасап, 2021ж атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді.

Сонымен қатар, а.ш.ғ.д, Биология, геоэкология және құрғақ жемшөп өндірісі ғылыми-өндірістік орталығының жетекшісі Мухамбетов Болат «Атырау облысы жерлерінің шөлейттену көлемдері және қалпына келтіру жолдары» тақырыбында баяндама жасап, 2021ж атқарылған ғылыми жобалар мен алдағы жылдары атқарылуға тиісті мәселелер қозғалды.

